

**Ақтау қалалық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 29/323 "2020-2022 жылдарға арналған Өмірзақ ауылының бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2020 жылғы 23 қыркүйектегі № 35/404 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 қазанда № 4303 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Ақтау қалалық мәслихатының 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 35/392 "Ақтау қалалық мәслихатының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 29/321 "2020-2022 жылдарға арналған Ақтау қаласының бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4292 болып тіркелген) шешіміне сәйкес, Ақтау қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. "2020-2022 жылдарға арналған Өмірзақ ауылының бюджеті туралы" Ақтау қалалық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 29/323 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4106 болып тіркелген, 2020 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 тармағы келесідей мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Өмірзақ ауылының бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 429 195 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 71 029 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 0 теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 0 теңге;

трансферттер түсімдері бойынша – 358 166 мың теңге;

2) шығындар – 431 594 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, соның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, соның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 2 399 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 2 399 мың теңге, соның ішінде:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 2 399 мың теңге.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ақтау қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы – Д. Телегенова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақтау қалалық мәслихатының экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (Б. Шапқан).

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Ақтау қалалық мәслихатының хатшысы*

*Т. Найзабеков*

*С. Зәкенов*

Ақтау қалалық мәслихатының  
2020 жылғы 23 қыркүйектегі  
№ 35/404 шешіміне қосымша  
Ақтау қалалық мәслихатының  
2019 жылғы 26 желтоқсандағы  
№ 29/323 шешіміне 1 қосымша

## 2020 жылға арналған Өмірзақ ауылының бюджеті

Санаты	Сыныбы	Сомасы , мың теңге
	Кіші сыныбы	
	Атауы	
	1. Кірістер	429 195
1	Салықтық түсімдер	71 029
01	Табыс салығы	23 360
	2 Жеке табыс салығы	23 360
04	Меншікке салынатын салықтар	47 669
	1 Мүлікке салынатын салықтар	612
	3 Жер салығы	4 393
	4 Көлік құралдарына салынатын салық	42 664
2	Салықтық емес түсімдер	0
01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	0
	5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	0
3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0

	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
4		Трансферттердің түсімдері	358 166
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	358 166
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	358 166
Функционалдық топ			
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			Сомасы
	Бағдарлама		, мың
		Атауы	тенге
		2. Шығындар	431 594
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	121 271
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	121 271
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	36 617
	053	Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық мүлкін басқару	84 654
04		Білім беру	167 454
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	167 454
	004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	167 454
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	777
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	777
	003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	777
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	133 798
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	133 798
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	3 780
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	18 584
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	9 129
	014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	102 305
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	1 093
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 093
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	871
	028	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізу	222
13		Басқалар	7200
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	7200
	040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	7200
15		Трансферттер	1
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1
	048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	1
		3. Таза бюджеттік кредиттеу	0

		Бюджеттік кредиттер	0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-2 399
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	2 399
		Қарыздар түсімі	0
		Қарыздарды өтеу	0
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	2 399
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	2 399
		1 Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2 399

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК